aiqakmedia Instagram · Айқақ Медиа · Айқақ ТВ YouTube

RESPÝBLIKALYQ APTALYQ GAZET

# АЙҒАҚ MEDIA

16+

№ 18
/sársenbi/
06 mamyr
2020 жыл

Gazet Qazaqstan Jýrnalıstıka Akademıasynyń "Altyn Jýldyz", Qazaqstan Jýrnalıster odaǵynyń Turar RYSQULOV jáne Sattar ERÝBAEV atyndaqy syılyqtarynyń, "Altyn júrek" syılyǵynyń ıegeri

# ЗАРДАП ШЕККЕН ТҰРҒЫНДАРҒА БАРЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТІЛЕДІ




5 мамырда ҚР Үкіметінің отырысы өтті. Күн тәртібінде төтенше жағдайдан зардап шеккен Мақтаарал ауданының қазіргі ахуалы туралы Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеев баяндады.

Өмірзақ Естайұлының баяндамасына сәйкес, Мақтаарал ауданындағы 7639 га жерді су басты. Мал шығыны алдағы уақытта толықтай есептелетін болады. Халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге 303 полиция қызметкері жұмылдырылса, 53 арнайы көлік бар. Су арналарына бекеттер салынып, коллекторлар орнатылған. Сондай-ақ, судың жайылып кетпесі үшін канал қазу жұмыстары қарқынды түрде атқарылуда.

Жалпы, 6 127 тұрғыны бар 5 елдімекенді су басқан (Жеңіс, Жаңатұрмыс, Фердауси, Өргебас және Достық), 7 елді мекенде су басу қаупі әлі де жоғары, ал 2 елді (Мырзакент, Ақжол) мекендердің тұрғындары өз үй-жайларына қайта оралып, жайғасуда.

Өмірзақ Шөкеев бастаған жұмыс тобы 2 мамыр күні шұғыл түрде Өзбекстанға барып, Сардоба суқоймасында орын алған жағдайды бақылап қайтқан болатын. Өзбекстан билігі де 70 мың тұрғынды уақытында эвакуациялап, 10 елді мекені су астында қалған. Қазіргі таңда, Мақтаарал ауданының Қоғалы ауылындағы көпірді қарап, қосымша каналдар салу жұмысы басталып кетті. Жерасты сулары жақын болғандықтан, төтенше жағдай орын алған ауылдарда судың ұзақ тұруы мүмкін екендігін Түркістан облысының әкімі Үкімет басшысына баяндап, Экология министрлігінен қажетті шараларды қолға алуды сұранды. Сондай-ақ, Арыс тәжірибесін пайдалана отырып, әр үйдің шығындарын есептелетін болады. Егілген егістердің өтемақысын да есептеп, өтеп беруге көмектесу керектігін Өмірзақ Шөкеев нақтылап берді.

Өз кезегінде, Премьер-министр Асқар Мамин төтенше жағдайдан зардап шеккен мақтааралдықтарға барлық көмек көрсетілетіндігін айтты.

Айта кетейік, Түркістан облысындағы елді мекендерді су басу салдарын жою жөніндегі Үкіметтің арнайы комиссиясы құрылған болатын. Аталмыш комиссияны ҚР Премьер-министрінің орынбасары Роман Скляр басқарады.

**Салтанат ТОЙБОЛОВА**

## Абайдың қара сөздері

### ОН ТӨРТІНШІ ҚАРА СӨЗ

Тірі адамның жүректен аяулы жері бола ма? Біздің қазақтың жүректі кісі дегені - батыр кісі дегені. Онан басқа жүректің қасиеттерін анықтап біле алмайды. Рақымдылық, мейірбандылық, әртүрлі істе адам баласын өз бауырым деп,өзіне ойлағандай оларға да болса игі еді демек,бұлар - жүрек ісі. Асықтық та - жүректің ісі. Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды. Амалдың тілін алса,жүрек ұмыт қалады. Қазақтың «жүректісі» мақтауға сыймайды. Айтқанға көнгіш, уағдада тұрғыш, бойын жаманшылықтан тез жиып алғыш, көштің соңынан итше ере бермей, адасқан көптен атының басын бұрып алуға жараған, әділетті ақыл мойындаған нәрсеге, қиын да болса, мойындау, әділетті ақыл мойындамаған нәрсеге, оңай да болса, мойындамау - ерлік, батырлық осы болмаса, қазақтың айтқан батыры - әншейін жүректі емес, қасқыр жүректі деген сөз.

Қазақ та адам баласы ғой, көбі ақылсыздығынан азбайды, ақылдың сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, байлаулылықтың жоқтығынан азады. Білімді білсе де, арсыз,қайратсыздығынан ескермей,ұстамай кетеді. Жаманшылыққа бір елігіп кеткен соң, бойын жиып алып кетерлік қайрат қазақта кем болады. Осы жұрттың көбінің айтып жүрген мықты жігіт, ер жігіт, пысық жігіт деп ат қойып жүрген кісілерінің бәрі - пәлеге, жаманшылыққа еліртпек үшін, бірін-бірі «айда,батырлап!» қыздырып алады да,артын ойлатпай, азғыратұғын сөздері. Әйтпесе құдайға терістіктен,не ар мен ұятқа терістіктен сілкініп, бойын жиып ала алмаған кісі, үнемі жаманшылыққа,мақтанға салынып,өз бойын өзі бір тексермей кеткен кісі,тәуір жігіт түгіл, әуелі адам ба өзі?

*Шымкент қаласының әкімі* **Мұрат ӘЙТЕНОВ:**

# ҚАЛАДА ТОПЫРАҚ ЖОЛ БОЛМАЙДЫ

2018 жылдан бері Шымкент қаласы еліміздегі маңызды қалалар қатарына еніп мегаполис атағына ие болды. Иә, бұл мәртебе қол жеткізгенге дейін соңғы жылдары дайындық жұмыстары жүргізілгені рас. Ягни, қала халқының саны көбеюіне орай жер көлемі де 40 мың гектардан 117 мың гектарға дейін ұлғайды. Әрине, мұндай жағымды жаңалықтармен бірге мәселелер де көбеюі заңдылық. Әсіресе, инфрақұрылым бойынша соңғы екі-үші жылда мәселе шаш етектен болды. Дегенмен, мұндай проблемалар жыл өткен сайын біртіндеп өз шешімін табуда. Өткен аптада қала мэрі Мұрат Дүйсенбекұлы Әйтенов те бұл мәселелерді өз көзімен көріп, етене танысу мақсатында бірқатар шағын аудандарды аралады. Шаһар басшысы Қайтпас-1 шағын ауданына барды. Мұндағы тұрғындар сапасы төмен жекеменшік жарық жүйесіне шағымданып отыр. Бұдан бөлек жол, ауыз су, газ, қоғамдық көлік мәселесі өзекті екенін айтады халық. Өз кезегінде әкім тұрғындар көтерген мәселелер кезең-кезеңімен шешілетінін жеткізді.

«Сіздердің қуаты әлсіз жекеменшік электр энергиясын тұтынып отырғандарыңыздан хабардармын. Қуат жүйесін жүргізуге байқау өткізіп, мердігер мекемені анықтадық. Ал, су, газ тарту мәселесіне келсек, жұырда жобалық сметасын жасаймыз. Биыл жұмыстарды бастауға тырысамыз» - дейді Мұрат Әйтенов.

Жалғасы 4-ші бетте

*Құрметті қазақстандықтар!*

Қиын жағдайға ұшыраған мақтааралдықтарға қолдау білдіру үшін арнайы қор ашылды. Қайырымды азаматтар үшін төмендегідей қордың жұмыс істейтіндігін хабарлаймыз.

**«Түркістан» корпоративтік әлеуметтік даму қоры.**
Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Қызылорда тас жолы 34А
БИН: 100440016000 Кбе 18, КНП - 119,
АО «Halyk Bank» ИИК: KZ886010001000002491 БИК HSBKKZKX

АО "KASPI KZ"
↓
БЛАГОТВОРИТЕЛЬНОСТЬ
↓
КФСР "ТҮРКІСТАН"

АО "HALYK BANK"
ИИК: KZ886010001000002491
БИК HSBKKZKX КНП 119 КБЕ 18
БИН 1004 4001 6000

АО "FORTE BANK"
ИКК: KZ7196528F0007014540
БИК IRTYKZKA КНП 119 КБЕ 18
БИН 1004 4001 6000



# ДЕПУТАТТАРДЫҢ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КЕРУЕНІ МАҚТААРАЛҒА ЖІБЕРІЛДІ

**Түркістан облыстық, қалалық, аудандық мәслихат депутаттарынан Мақтаарал тұрғындарына көмек**

**#BIZBIRGEMIZ**

Мамыр айынының 5-жұлдызында Түркістан облыстық мәслихатының, барлық аудандар мен қалалық мәслихат депутаттары Мақтаарал ауданына жолға шықты. Басты мақсат – су астында қалған ауыл тұрғындарына көмек көрсету. Қатар-қатар тізілген жүк көліктері азық-түлік пен тұрмысқа қажетті заттарға толы. Гуманитарлық көмектің жалпы сомасы 21,0 млн. теңгені құрайды. Атап айтқанда, 11,7 тонна ұн, 2,9 тонна күріш, 3,6 тонна қант, 2,8 тонна макарон өнімдері, 1,5 тонна ет, 900 кг-ға жуық сүт өнімдері, 2,8 тонна картоп, 1,7 тонна пияз, 1,3 тонна сәбіз және тағы да басқа азық-түлік түрлері бар. Сонымен қатар, гигиеналық заттар мен киім-кешектер де жүк көліктеріне тиелген. Халық қалаулыларының бұл бастамасы баршамызға үлгі болары анық. Гуманитарлық көмекті жөнелткен халық қалаулыларының бастамасына ризашылық білдірген облыс әкімі Өмірзақ Шөкеев зардап шеккен мақтааралдықтардың шығындары толықтай өтелетіндігін мәлімдеді.

Мақтаарал ауданындағы су астында қалған ауыл тұрғындарына үй салып беріледі. Сонымен қатар, шығындардың толықтай өтелетіндігін де хабардар етті. Тек аздап шыдамдылық білдірсе, қауіп толықтай басылғанша сабырлық танытуға шақырды. Сондай-ақ, облыс басшысы төтенше жағдайдан зардап шеккен мақтааралдықтарға 100 мың теңгеден берілуі мүмкін екендігін атап өтті.

**Жанар ӘУЕЗ**

## Тағайындау

### Мәулен ӘШІМБАЕВ -
*ҚР Парламент Сенатының Төрағасы*



Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының отырысы болды.

Президенттің ұсынысы бойынша сенаторлар жасырын дауыс беру арқылы Мәулен Әшімбаевты Парламент Сенатының Төрағасы етіп бір ауыздан сайлады, - деп хабарлайды Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенатының баспасөз қызметі.

М.Әшімбаев Президентке және сенаторларға жоғары сенім көрсеткені үшін ризашылығын білдірді. «Президентіміз еліміздің алдында тұрған мақсаттарға жан-жақты тоқталып кетті. Қазіргі уақыттағы ең өзекті мәселе, ол әрине, пандемиямен – бүкіл әлемге тараған осы індетпен күресті жалғастыру. Мемлекет басшысы атап өткендей, барлық мемлекеттік органдардың басты міндеті төтенше жағдай режимі аяқталғаннан кейін Елбасымыздың саясатының сабақтастығын сақтап, мемлекетімізді, экономиканы одан әрі дамытуға, еліміздің әл-ауқатын арттыруға бағытталған Президентіміздің стратегиясын іске асыру болып табылады. Қазақстан Парламенті Сенаты Мемлекет басшысының саясатын заңнамалық тұрғыда сапалы қамтамасыз ету үшін қажетті барлық шараны жүзеге асыратын болады», - деді Мәулен Әшімбаев.

### Дәурен АБАЕВ -
*ҚР Президент Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары*



Мемлекет басшысының Жарлығымен Дәурен Әскербекұлы Абаев Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары болып тағайындалды. Бұл туралы Ақорда хабарлады.

Дәурен Әскербекұлы Сыртқы істер министрлігінің орталық аппаратында жұмыс істеген. Қазақстан Республикасының Әзербайжандағы және Нидерланд Корольдігіндегі Елшіліктерінде дипломатиялық қызмет атқарды. Қазақстан Президентінің баспасөз хатшысы, кеңесшісі қызметін атқарды. Ал, 2016 жылдың мамыры мен 2019 жылдың ақпан аралығында – ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрі. 2019 жылдың 25 ақпанынан бастап Қазақстан Республикасы Президент Жарлығымен Қазақстан Республикасы ақпарат және қоғамдық даму министрі қызметін атқарып келді.

### Айда БАЛАЕВА -
*ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі*



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Аида Балаеваны Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрі қызметіне тағайындау туралы Жарлыққа қол қойды. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлайды.

«Аида Ғалымқызы Балаева Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрі болып тағайындалсын», - делінген Жарлық мәтінінде.

Мемлекет басшысының басқа Жарлығымен Аида Ғалымқызы Балаева басқа жұмысқа ауысуына байланысты Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі – Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Өтініштерді қарауды бақылау бөлімінің меңгерушісі қызметінен босатылды.

### Нұрбол ТҰРАШБЕКОВ -
*Ордабасы ауданының әкімі*



Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің және Ордабасы аудандық мәслихатының келісімі бойынша Түркістан облысы әкімі Өмірзақ Шөкеевтің өкімімен Ордабасы ауданы әкімінің лауазымына Нұрбол Әбдісаттарұлы Тұрашбеков тағайындалды.

Жаңа әкімді аудан активіне облыс әкімі Ө.Шөкеев таныстырып, жұмысына табыс тіледі.

Аймақ басшысы жаңа аудан Үкіміне үлкен жауапкершілік жүктеліп отырғанын атап өтті.

Нұрбол Әбдісаттарұлы Тұрашбеков 1980 жылы Төлеби ауданында туған. Мамандығы инженер-экономист. Еңбек жолын 2001 жылы Ордабасы ауданында жер кадастр бюросынан бастаған.

Ол әр жылдары «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының «Жер кадастры ғылыми-өндірістік орталығы» дирекциясы директорының орынбасары, «Жер кадастры және жылжымайтын мүлікті техникалық тексеру» дирекциясы Мемлекеттік жер кадастры басқармасының басшысы лауазымын атқарған.

Бірнеше жауапты қызметтерде еңбек еткен Нұрбол Тұрашбеков 2017 жылдан бері Түлкібас ауданының әкімі лауазымын атқарып келді.

## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ПАРЛАМЕНТ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫНА ҚАТЫСТЫ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент Сенаты депутаттарының алдында сөйлеген сөзінде жоғары палата қоғамдағы өзекті әрі елді алаңдатқан мәселелерді көтеретінін атап өтті.

– Бүкіл еліміздің алдында тұрған міндеттерді орындау үшін ең алдымен билік тармақтары арасындағы үйлесім қажет. Маңызды реформаларды жүзеге асыруда Парламенттің, әсіресе, Сенаттың рөлі де, құзыреті де ерекше. Сенаттың ең басты міндеті – сапалы заңдарды қабылдау. Мұндай заңдар реформаларға жол ашады, тұрақтылық пен тәртіпті қамтамасыз етеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Дариға Назарбаеваның Сенат Төрағасы лауазымында атқарған қызметін жоғары бағалап, оған өз ризашылығын білдірді.

– Өздеріңізге мәлім, менің Жарлығыммен Сенат депутаты Дариға Нұрсұлтанқызы Назарбаеваның өкілеттігі тоқтатылды. Ол Сенат төрағасы ретінде бір жылдан астам белсенді әрі жемісті жұмыс істеді. Сол үшін Дариға Нұрсұлтанқызына ризашылығымды білдірдім, – деді Президент.

Бүгінгідей күрделі кезеңнен елімізді аман-есен алып шығу үшін Сенат депутаттарын жұмыла жұмыс істеуге шақырған Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент Сенатының Төрағасы лауазымына Мәулен Әшімбаевтың кандидатурасын ұсынды.

– Ол мемлекет ісінің қыр-сырын жетік меңгерген, ұзақ жыл түрлі салада жемісті және тиімді қызмет атқарды. Парламент жұмысын жақсы біледі. Әрдайым өзіне жүктелген міндеттерді абыроймен атқарып келеді. Мемлекеттік қызметтегі тәжірибесі мол. Сондықтан бұл қызметті абыроймен атқаратынына күмәнім жоқ, – деді Мемлекет басшысы.

Жасырын дауыс беру қорытындысы бойынша Мәулен Әшімбаев Парламент Сенатының Төрағасы болып сайланды.

**НҰР-СҰЛТАН**

### Нұрлан БАЙҒҰТ -
*Түлкібас ауданының әкімі*



Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеевтің өкімімен Түлкібас ауданының әкімі болып Байғұт Нұрлан Мархабатұлы тағайындалды. Жаңа әкімді аудан активіне облыс әкімі таныстырып, жұмысына табыс тіледі. Алдағы уақытта жүзеге асыруды қажет ететін бірқатар маңызды жобаларға бағыт берді.

Нұрлан Байғұт 1974 жылы 21 сәуірде Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданында туған. Білімі жоғары, біліктілігі инженер-экономист.

Еңбек жолын 1997 жылы Шымкент қаласы бойынша салық комитеті жеке тұлғаларға салық салу бөлімінің салық инспекторы болып бастаған.

1998-2005 жылдар аралығында Оңтүстік Қазақстан аумақтық мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті мониторинг, ақпарат және талдау бөлімінің бас маманы, Оңтүстік Қазақстан облысы әкімшілігі коммуналдық меншікті және активтерді басқару бойынша департаменті коммуналдық меншік және жекешелендіру бөлімі бастығының орынбасары, мемлекеттің қатысуымен мемлекеттік емес заңды тұлғаларымен жұмыс жөніндегі бөлімнің бастығы, ОҚО қаржы және коммуналдық меншік департаменті жалға беру және жекешелендіру бөлімінің бастығы, Оңтүстік Қазақстан облысы әкімі аппараты ұйымдастыру-инспекторлық бөліміндегі облыс әкімінің бас инспекторы қызметтерін атқарған.

2005 - 2017 жылдары Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданы әкімінің орынбасары, Төлеби ауданы әкімінің орынбасары, Оңтүстік Қазақстан облысы құрылыс басқармасының бастығы, облыс әкімі аппараты ұйымдастыру-инспекторлық бөліміндегі облыс әкімінің бас инспекторы лауазымдарын атқарған.

2016-2018 жылдары Түркістан облысы жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы болып еңбек етті.

2019 жылдан бері Түркістан облысы кәсіпкерлік және сауда басқармасының басшысы қызметін атқарған.

### Марат ПАШИМОВ
*Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының басшысы*



Түркістан облысының әкімі Ө.Шөкеевтің өкімімен Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының басшысы болып Пашимов Марат Орынбасарұлы тағайындалды.

Марат Пашимов 1981 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданында туылған, білімі жоғары, біліктілігі емдеу ісі және жергілікті мемлекеттік басқару. Медицина ғылымдарының кандидаты.

Еңбек жолын 2003 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы кардиологиялық орталықта медаға болып бастаған.

2005 – 2015 жылдары аралығында облыстық клиникалық ауруханасында дәрігер-анестезиолог, реанимация бөлімінің меңгерушісі, телемедицина меңгерушісі, бас дәрігердің ұйымдастыру-әдістемелік және ТЖ жөніндегі орынбасары лауазымдарын атқарған.

2015 - 2017 жылдары №3 Шымкент қалалық емханасының бас дәрігері болып қызмет еткен.

2017 жылдың қаңтар айынан бастап Түркістан облысы клиникалық ауруханасының бас дәрігері болып еңбек етіп келді.

### ЖАНҒА ЖЫЛУ

Шымкентте «Жанға жылу» акциясы аясында 100 отбасыға көмек көрсетілді. Яғни, азық түлік пен тұрмысқа қажетті заттар табыс етілді. Қайырымдылық шарасына «Петро Қазақстан» Шымкент мұнай өңдеу зауыты демеушілік жасап отыр. Күллі адамзатқа қауіп төндіріп тұрған коронавирус дертімен күреске байланысты төтенше жағдай кезінде көмекке мұқтаж жанұяларға қол ұшын беру - ұлттық болмысымызға тән, жарасымды үрдіс екені анық. Осы мақсатта, Шымкент қалалық «Жастар ресурстық орталығы» кезекті рет «Жанға жылу» қайырымдылық акциясын қолға алып отыр. Акция аясында ерікті жастардан жасақталған белсенділер қауіпсіздік ережелерін сақтана отырып, аталған азық-түлік себеттерін жанұяларға таратты. Айта кетейік, жыл басынан бері дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келе жатқан «Жанға жылу» қайырымдылық акциясы аясында осы уақыт аралығында 500-ден аса отбасыға көмек берілді.

**Жанар ӘУЕЗ**



# МАҚТААРАЛДАҒЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ






1 мамыр күні сағат 20:15-те Мақтаарал ауданымен шекаралас Өзбекстан Республикасының "Сардоба" су қоймасы жарылып екі елдің бірнеше елді мекендеріне Төтенше Жағдай жарияланды. 2 мамыр күнгі ақпарат бойынша Мақтаарал ауданына қарасты 4 ауыл судың астында қалған болатын. Олар Жеңіс, Жаңатұрмыс, Нұрлы жол, Фирдоуси. Ал, 3 мамыр таңғы сағат 9-дағы мәлімет бойынша, оларға Өргебас елді мекені қосылған. Соңғы мәлімет бойынша 10 ауылды су басып 31 мыңнан астам адам эвакуацияланған. Облыс әкімі 2 мамыр күні оқиға орнында болып, Арыс қаласындағы ТЖ алгоритмі бойынша жұмыс жүргізілетінін баяндады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев зардап шеккен отбасыларға көмек көрсетуді тапсырды. Екі ел Президенттері телефон арқылы сөйлесіп, достық қарым-қатынасты сақтай отырып біріге жұмыс істейтіндерін айтты. Ал, келтірілген шығын Өзбекс-тан тарапынан төлене ме, белгісіз?

Шұғыл ақпаратты ести сала , 2 мамыр күні, жағдайды бағамдауға жолға шыққан түсірілім тобы жол-жөнекей түрлі оқиғаларға тап болды. Сарыағаш пен Мақтаарал аудандарының шекарасындағы қыр-төбелер қарапайым халықтың мекеніне айналып үлгерген. Олардың дені су басқан ауылдармен көршілес жатқан ауылдардың тұрғындары болып шықты. Шұғыл ақпаратты ести сала құжаттарын жинап, өз беттерімен қашқан екен. Сенімді хабар болмағандықтан елді мекендеріне қайтпай отыр. Бұл тұста жаңалық жеткізуші журналистердің маңызы бар екені айтпаса да анық. Дегенмен, су басқан ауылмен көршілес елді мекендердің ахуалын білуге барған түсірілім тобына полиция қызметкерлері рұқсат бермеген.

Ал, әкімдік ғимаратының алдына жан ұшыра жеткен азаматша Жеңіс ауылының суға кеткенімен келесі мекендерді құтқаруға болмай ма деген өтінішпен келген. Жер мен Көктің, От пен судың алдында қауқарсыз екенін адам баласы өзіне тағы дәлелдеді ме? Әлде, қолдан келер шараны қолданбай отыр ма? Анығын ауылдарды аралағанда байқадық....

Заң талабына сай әрекет етіп журналистер қауымы діттеген орнына жеткен соң, бірінші нүкте Жаңатұрмыс ауылы болды. Онда 47 тұрғын үйі бар 321 азамат болған, олар бүгінде Атакент, Жамбыл, Мақтаарал ауданының орталықтарына көшірілген. Жаңатұрмыс ауылынан 5 шақырым жерде екі елдің шекарасы орналасқан. Айта кетейік, жарылған қоймадағы су Өзбекстанның да бірнеше ауылын жайлап кеткен.

Мамандардың айтуынша, 180 м3 қуатымен келе жатқан су Фирдоуси ауылын да жайлап үлгерді. Егін алқабының жартысы мезгілсіз суару кезеңін бастан кешіруде. Дегенмен, биыл қанша су ішсе де, өнім бермесі өкінішті.

Келесі аялдама 2000-ға жуық тұрғыны бар Жеңіс ауылы. Ауылға апарар көпір үстінде Жеңістің тұрғындары табиғаттың тылсым күшінен жеңіліп тұр. Себебі, халықтың негізгі күн көрісі егін шаруашылығы еді. Ал, апат барлық өнімді шайып кетті. Артта қалған үйлерімен қора қопсысын көруге келгендердің көңілінде сан күдік.

Үш ауылдың ахуалы қиын екені көрініп тұр. Төтенше жағдай штабы құрылғанымен, қажетті әрекеттерді жасап отырғанына да куә болмадық. Дегенмен, жауаптылар халықты сабырға шақырып, жағдайды түсіндіріп жатты.

Айта кетейік, жарылған Сардоба су қоймасы 2017 жылы салынған. Өзбекстан су шаруашылық министірі Хамраевтің мәліметінше су жіберу тоқтатылған. Ал, егістік алқабы мен мал шаруашылығының шығыны 404 миллион теңгені құрап отыр.

### Билік қандай шаралар қолданып жатыр?

Облыс әкімі Өмірзақ Шөкеев мемлекет тарапынан зардап шеккен тұрғындарға жан-жақты көмек көрсететіндерін айтты. Ең алдымен эвакуациялық пункттерге орналасқан халыққа әлеуметтік көмек көрсету және өтемақы төлеу үшін олардың мал саны, жылжымайтын мүлік, жеке бас құжаттарының мәліметтерін жинақтауды тапсырды. Азық-түлік пен қажетті заттармен қамтамасыз ету үшін кәсіпкерлерді, қоғамдық қорларды тартуды ұсынды. Тұрғын үйлер мен кәсіпкерлік нысандарға келтірілген залал мөлшерін есептеуді тапсырды.

Негізі күн көрісі егін шаруашылығы болған халық бұл апаттан 3601 гектар жердегі дақылдарынан айырылып отыр. Су астында қалған егістіктің 85 пайызы мақта, қалғаны жоңышқа мен жүгеріге тиесілі. Су тасқыны орын алған 7 елді мекеннен яғни, Жеңіс, Жаңатұрмыс, Жантақсай, Фирдоуси, Еңбекші, Нұрлытаң, Өргебас ауылдарынан 3115 ірі қара, 1101 жылқы, 585 қой, 34 түйе көшірілген. Ал, суға кетіп өлген мал саны әзірге белгісіз болып отыр.

Жақынына жылуын жинап, көмекке асыққан Жамбыл облысы әкімдігінің 30 тоннадан аса азық-түлік тиелген керуені киелі Тараздан Мақтаарал ауданына жолға шықты. Бұл туралы Түркістан облысы әкімінің баспасөз қызметі хабарлады. Айта кетейік, 2019 жылдың маусым айында Арыс оқиғасы орын алған тұста халыққа алғашқы гуманитарлық көмекті жамбылдықтар жолдап еді. Бұл жолы да Мақтаарал жұртына жақсылық жасауға атсалысты.

Жақсылыққа жақсылық әр адамның ісі! Төтенше жағдайдан көз ашпаған қасиетті Түркістан облысы халқының бірлігі — күн артқан сайын бекемделіп келеді. Дәл сол айтып отырған «бірлік» деген ұғымның көрінісі кешегідей сын сағатта сыналады. Осындай сынақта Мақтаарал халқының қиындығын шынайы сезіне білген Арыс қаласының тұрғындары көмек қолын созды. 10-нан аса жүк көліктеріне азық-түлік пен тұтынуға қажетті заттар тиеп, аттандырды. Жайлы үй мен қамсыз тіршіліктің қадірін түсінетін арыстықтар — жерлестеріне осылайша көмек көрсетуде. Оқиғаны естіген сәттен бастап, бірлесіп қаржы жинаған. Себебі, кезінде Мақтааралдың кебін Арыс та киген еді.

«САЛИҚАЛЫ ҰРПАҚ» ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ МАҚТААРАЛҒА КӨМЕК РЕТІНДЕ 20 ТОННА АЗЫҚ-ТҮЛІК ЖЕТКІЗГЕН. Жүк түгелімен Атакент кентінде орналасқан арнайы қоймаға түсірілді. Қордың Мақтаарал ауданына деген көмегі мұнымен шектеліп қалған жоқ. Қайрат Құдайберген өз атынан «Түркістан» корпоративтік әлеуметтік даму қорына 200 млн теңге аударылғанын да қуана жеткізді.

### Судың жайылуын тоқтату үшін не істелінді?

Облыс әкімінің орынбасары Сәкен Қалқамановтың айтуынша: "Нұрлы жол елді мекені аумағында ұзындығы 2,5 м, биіктігі 1,5 м. болатын бөгет соғылған. Фирдоуси елді мекенінен Мырзакент елді мекеніне қарай 3 коллектор орналастырылып, Өргебас елді мекенінің аумағында ұзындығы 20 м, биіктігі 1 м. болатын бөгет жасалса, Ырысты елді мекенінде биіктігі 0,5 м, ұзындығы 40 м. бөгет соғылған . Сондай-ақ, Жантақсай елді мекенінің маңынан ұзындығы 800 м. болатын бөгет тұрғызылып, көрші Жетісай ауданында Қоғалы ауылының автомобиль жолының бойында ұзындығы 500 метрден асатын бөгет салу арқылы нығайту жұмыстары жүргізілуде (бөгет салуға 6000 дана қап пайдаланылған). Аталған жұмысқа 649 адам, 15 дана техника жұмылдырылған. Оның ішінде жергілікті әкімдіктен 13 техника, 15 адам, ТЖД 30 адам, Полиция Департаментінен 4 адам, 2 техника және 600-ден астам еріктілер бар. Көрші Жетісай ауданында Қоғалы ауылының автомобиль жолының бойында ұзындығы 500 метрден асатын бөгет салу арқылы нығайту жұмыстары жүргізілуде (бөгет салуға 6000 дана қап пайдаланылған). Аталған жұмысқа 649 адам, 15 дана техника жұмылдырылған."

### Шымкенттен Мақтааралға қосымша күш жіберілді

05.05.2020 жылы сағат 06:00-де Шымкент қаласының Төтенше жағдайлар департаментінің тарапынан Түркістан облысы Мақтаарал ауданына авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуге арнайы техникалар мен қосалқы күш жіберілді.

Көмекке жіберілген техникаларға тоқталсақ, 21 жеке құрам, 4 дана техника және 6 дана мотопомпа (МП-100) көлемінде қосалқы күштер мен құралдар бағытталды.

Жалпы 2020 жылдың 2-5 мамыр аралығында Шымкент қаласынан Мақтаарал ауданындағы су басқан елді мекендердегі авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуге 40 жеке құрам, 8 дана техника, 1 дана квадрокоптер және 4 дана жүзу құралдары (1 моторлы және 3 үрлемді қайық) құрамында 2 эшалон жолданды.

Ал, 4 мамырда Шымкент қаласынан Мақтаарал ауданына авариялық-құтқару қызметі үшін 30 арнайы техника жіберілген болатын.

**Ақнұр ҚАРАБАЙ**















Шымкент қаласының әкімі Мұрат ӘЙТЕНОВ:

# ҚАЛАДА ТОПЫРАҚ ЖОЛ БОЛМАЙДЫ



Қоғамдық көлік жұмысына қайта зерделеу жұмыстары жасалып жатқанын айтады қала әкімі. Жаз айларына қарай автобустар мәселесі де өз шешімін таппақ.

Еңбекші ауданында да бірқатар елді кемендерде таза ауыз су мәселесі ақсап тұр. Аудандағы 16 тұрғын алаптың 11-де ауыз су мәселесі бар. Бұл жөнінде қала әкімі Мұрат Әйтеновтың Бадам-1 тұрғын алабы тұрғындарымен кездесуі барысында мәлім болды.

Сондықтан, 2020 жылы аудандағы 2 мыңнан астам абонентке су тарту жұмыстарының жобалық сметасы әзірленіп жатыр. Егер құжат осы жылы дайын болса, келер жылы құрылыс жұмыстары басталады деп жоспарлануда. Аудан әкімі Ғалымжан Ілиясовтың айтуынша, құрылыс жұмыстары жоспар бойынша жүргізілсе 2021 жылы Еңбекші ауданында ауыз су мәселесі толықтай шешімін табады.

Бүгінде аудан тұрғындарын сапалы энергиямен қамту 88 пайызды құрайды. Қалғаны жекеменшік жарық жүйесіне тәуелді. Мәселені шешу үшін 2020 жылы 5 мыңнан астам абонентке қуат көзін тарту үшін құрылыс жұмыстарын жүргізу жоспарланып отыр.

Ауданды көгілдір отынмен қамту жағы да Бозарықтағы газ таратушы бекет (АГРС) құрылысының бітуіне қарай 2020-2021 жылдары шешілмек. Мұнан өзге Еңбекші ауданында осы жылы 53 шақырым жол салынады деп күтілуде. Нәтижесінде топырақ жолдарға толықтай тас және асфальт төселеді.









«Биыл қалада үлкен жұмыстардың жасалып жатқанын көріп отырсыздар. 2020 жылдан бастап топырақ жол Шымкент қаласында болмайды. Өйткені, өте көп асфальт жолдар салынып жатыр. Биыл үлгермеген жолдардың сметасын дайындап, келер жылы бастаймыз. Үш жыл ішінде бәрін асфальттаймыз»,- деді қала әкімі.

Айта кету керек, ауданда 2 мектеп, 2 дәрігерлік амбулатория жетіспушілігі бар. Бірақ бұл мәселелерді демеушілердің есебінен шешу жағы қарастырылып жатыр.

Жоғарыдағы мәселелермен шаһардың әлеуметтік мәселелері толықтай шешілді деп айтсақ артық. Дегенмен, қала басшысының уәде етуінше халықтың сұранысы біртіндеп қанағаттандырылатын болады.

Өздеріңізге белгілі Шымкент қаласы әлемді жайлаған індет болмағанда бүгінде ТМД елдерінің мәдени астанасы атанғанын дүркіретіп тойлап жатқан болар еді. Қалаға келетін қонақтардың алдында қала келбетін сәулеттендіру үшін бірқатар жұмыстар да жолға қойылған-ды. Соның бірі тозығы жеткен көпқабатты үйлердің қасбеттерін жөндеу жұмыстарын жүргізу болатын. Қаланың маңызды деген даңғылдары мен көше бойында орналасқан үйлердің көбісінің бүгінде қасбеттері реттеліп те үлгерді. Бұл әрине жарты ғасырдан астам үйлер еді. Ал, әкімшілік аумағындағы салынғанына он жылдың жүзі де өтпей бүлінген көпқабатты үйлердің қасбеті де бүгінде қала әкімінің назарына алынды. Өткен аптада Мұрат Дүйсенбекұлы қаланы аралау барысында Нұрсәт шағын ауданындағы сыртқы қасбеті сын көтермей тұрған №18, 19 көпқабатты үйлердің мән-жайымен танысты. 2016 жылы салынған тұрғын үйлердің қабырғаларының әрі көшіп, жауыншашынға шыдас бермей түсе бастаған. Мәселені талайдан бері қозғап жүрген үй тұрғындарымен қала әкімі Мұрат Дүйсенбекұлы кездесіп, шағымдарын тыңдады.

Кездесу барысында құрылыс басқармасының басшысы Ербол Ахметов көпқабатты үйлердің құрылысын алматылық құрылыс компаниясы жүргізгенін айтты. Мердігердің тұрғын үйге 5 жылдық кепіл мерзімі де аяқталмаған. Алайда, бүгінде аталған компания жұмысын тоқтатқан. Бірақ заңды түрде банкрот деп жарияланбапты. Сол себепті, қаланың құрылыс басқармасы мердігерді сотқа беріп жеңіп шыққан.

«Қазір сала мамандарымен және құрылыс компанияларымен сөйлесіп, сыртына жөндеу жұмыстарын жүргізудің түрлі жолдарын қарастырып жатырмын. Бұл үйлердің сыртын жөндеп беремін. Себебі, мердігердің қателігіне тұрғындар кінәлі емес. Сабырлық танытыңыздар, демеушілермен де сөйлесіп жан-жақты қарастырып жатырмын»- деді қала әкімі.

Бұдан кейін, қала басшысы Асар шағын ауданына ат басын бұрып, қасбетінің көркі қашқан 2016 жылы 5 қабатты 30 тұрғын үйдің де жағдайымен танысып шықты. Жергілікті тұрғындар қала әкімі алдында мәселені айтқанда, демеушілер есебінен жөндеп беруге уәде берген болатын. Қазіргі таңда сол үйлердің ірге тасын қалаған «АҚ ордасы» құрылыс компаниясы кепілдік мерзімінің өтіп кеткеніне қарамай өз қаражаты есебінен жөндеу жұмыстарын бастап кетті. Бүгін қала басшысы Мұрат Әйтеновтың аудан тұрғындарымен кездесу барысында жергілікті халық қала әкімі мен демеуші компанияға алғысын жаудырды.

«Бір ауыз сөзімізді жерге тастамай, уәдеңізде тұрғаныңыз үшін үлкен рақмет. Жөндеу жұмыстары басталды, өзіңіз де келіп қадағалап жатырсыз. Міне тұрғындардың барлығы риза. Мердігер компанияның, әкімнің арқасында үйіміздің сырты өзгеріп жатыр. Дән ризамыз, қала мерекесіне дейін бітіреміз деп мердігер уәде беріп жатыр»,- дейді Асар шағын ауданының тұрғыны Салтанат Сұлтанмұратова.

Өз кезегінде, қала әкімі Мұрат Дүйсенбекұлы да демеушілік жасап жөндеу жұмыстарын бастаған «АҚ ордасы» құрылыс компаниясына алғыс білдірді. Бұл халықтың үдесінен шығып, сеніміне ие болу үшін жасалған үлкен қадам екенін ерекше айтып өтті.

Қаладағы көпқабатты үйлердің қасбеті ғана жөнделіп қоймай аулалары да заман талабына сай жөнделуде. Жаңадан балалар алаңшалары салынып, тұрғындардың дұрыс демалуы үшін ыңғайлы орындықтар орнатылуда. Соның бірі Еңбекші ауданына қарасты үйлердегі жүргізіліп отырған аулалардың құрылыс жұмыстарын айтуға болады. Мұнда бүгінге дейін 519 аула абаттандырылған. Биыл тағы 64, келер жылы 47 ауланы абаттандыру жоспарда бар. Бұл туралы Шымкент қаласы әкімі Мұрат Әйтеновтың Тоғыс тұрғын алабына барған сапарында мәлім болды.

Қала басшысы ондағы Мұнайбарлаушылар көшесіне салынған ойын алаңшасымен танысты. Мердігер компания ғарыштық үлгіде бой көтерген балалар алаңшасына құрылғыларды арнайы Ресейден алдырыпты. Маңында үш спорт алаңы да бар. Бүгінде тұрғындар ол жерге видео камера орнатуды ойластырып жатыр. Тек пандемияға байланысты елде жарияланған төтенше жағдай қол байлау болып отырған көрінеді.

“Бұрын ойын алаңшасының орнында тозған кәріз жүйесінен аққан сасық су көлдеп, Бадам өзеніне ағатын. Кәріз жүйесі мен ауыз су үлкен мәселе еді. Қазір жағдай жақсарды. Кәріз жүйесі жаңарып, тәулігіне 24 сағат тіршілік нәрі беріледі. Өткен жылы электр жүйесі тартылды. Сондықтан, жүйелі жұмыстың арқасында бізде біртіндеп мәселелер шешіліп жатыр. Әкімдікке алғыс айтамыз. Мынадай ойын алаңшасы Астанадан басқа еш жерде жоқ сияқты. Өздерінде ойын алаңшасы болса да, көршілес Маятас, Елтай, Айнатас елді мекендерінің балалары осында келіп ойнайды”, — дейді Мұнайбарлаушылар көшесінің төбе биі Талиба Бурковецкая.

Тұрғындардың айтуынша, бүгінде көшені жарықтандыру мәселесі өзекті. Өз кезегінде Мұрат Әйтенов жарық шамдарын орнатудың оңтайлы жолдарын қарастырып жатқанын жеткізді.

Қалада мектепке қатысты туындаған мәселелер де біртіндеп оңтайлы шешімін тауып келеді. Биыл жыл соңына дейін мегаполисте 9 мектеп пайдалануға беріледі. Қала басшысы Шымкенттегі жаңадан бой көтеріп жатқан білім ошақтарының құрылысымен танысты.

Мұрат Әйтенов алдымен Арғынбеков көшесінің бойынан салып жатқан 1200 орындық мектептегі құрылыс барысын көрді. Бүгінде «Атамекен корпорациясы» құрылысын жүргізіп жатқан ғимараттың қабырғасы көтеріліп, шатыры жабылған. 3 гектар жерге орналасқан мектептің құрылысына 1 млрд. 900 млн теңге қарастырылған. Мердігер компания нысанды қыркүйек айында тапсыруды жоспарлап отыр.

Қала әкімі одан соң Асар-2 шағын ауданында бой көтеріп жатқан 1200 орындық мектепке барды. Іргетасы қаңтар айында қалана бастаған білім ошағы жоспар бойынша желтоқсанда бітуі тиіс. Құрылысты жүргізіп жатқан «МК техностроймсервис» компаниясының өкілдері пандемияға байланысты елдегі төтенше жағдай кезінде ғимараттың сыртқы қасбетіне қойылатын керамогранитті Ресейден алдыру қиын болып жатқанын алға тартты. Қиын тұста көмектесуге әзір екенін айтқан Мұрат Дүйсенбекұлы мұндай құрылыс заттарын отандық өнімдерден алуға ұсыныс берді.

Содан кейін, қала басшысы Самал-3 шағын ауданындағы №6 емхана маңынан бой көтеріп жатқан мектеп құрылысының барысымен танысты. Құрылысына бюджеттен 2 миллиардқа жуық қаржы бөлінген білім ошағы санаулы күнде дайын болады екен. Жаңа ғимаратты аралап көрген Мұрат Дүйсенбекұлы мектепті жақын күндері қабылдап, қыркүйекте оқушыларды қабылдауға дайындауды тапсырды.

Жалпы пайдалануға берілетін 9 мектептің үшеуі 1200 орындық жаңа мектеп болса, бесеуі 300 орындық қосымша құрылыс. Тағы біреуі 100 орындық саз мектебі болмақ.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен Шымкент қаласындағы білім саласы жүйелі жұмыстар жүргізген. Айта кеткеніміз жөн, осындай тыңғылықты жұмыстардың нәтижесінде шымкенттік шәкірттер соңғы аптадағы мәлімет бойынша «Daryn.online», «Bilimland.kz» платформаларында білім алу бойынша республикада I орында болса, ұстаздары қауымы да үздіктер қатарына енді.

Уақыт талабына сай, төтенше жағдай кезеңінде шымкенттік оқушылар қашықтан оқытудың өткен аптасында да интернет желісін пайдалануда алдыңғы қатардан көрінуде.

«Zoom», «Google class», «Edu page» бағдарламалары көмегімен де сабақ оқитын оқушылар саны артып келеді. Қашықтықтан оқыту жүйесінің үшінші аптасында қаламыз бойынша 100 оқушы үздік деп танылды. Олар № 28, 65, 25, 49, 7, 72, 35, Дарын-1, №77, 9, 48, 52, 15, 77, 23, 103, 77, 132, 99, 51, 68, 120, 31, 24, 133-ші мектептің оқушылары «Daryn.online» платформасын пайдаланып, білім алуда басып озды.

Сонымен қатар «Bilimland.kz» платформасындағы «Онлайн мектеп» жаңа модулі бойынша Шымкент қаласында үздік жұмыс істеген 11 мектепті ерекше айта кеткен жөн. Олар №9, 16, 28, 24, 41, 30, 59, 65, 36, 23, 50 мектеп оқушылары сабақ қаралымын жасап, берілген тапсырмаларды жүйелі орындағанын ерекше мақтанышпен атап өткеніміз жөн.

Бетті дайындаған: Ұ.ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ



**Қазақстанда Түркістан қаласы туризм ошақтарының бірі болса, сол туристерді тартуға рухани орданың төрінде орналасқан «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің септігі зор. Оның ішінде ЮНЕСКО-ның мұралары тізіміне енген ескерткіші - Қожа Ахмет Яссауи кесенесі тек қазақ халқы үшін ғана емес, бүкіл түркі жұрты үшін қастерлі.**



# ТАРИХИ МЕКЕН ТУРИЗМДІ ДАМЫТУҒА ҮЛКЕН СЕПТІГІН ТИГІЗЕДІ

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық мұражайының қорында 20 мыңнан аса заттай мұрағаттар мемлекеттік есепке алынған болса, оның этнография бөлімінде 2392 жәдігер, оның ішінде тек зергерлік қолөнер бұйымдарының өзі 1231 дана. Этнография бөліміндегі қазақтың қолөнер туындыларынан әсіресе зергерлік бұйымдардың ішінен белдіктер, қапсырмалар, таналар, түймелер, алқалар, бойтұмарлар, жүзіктер, шашбаулар, сырғалар, шекеліктер білезіктер және тіс, құлақ тазалағыш күміс әшекейлердің бірін-бірі қайталамайтын бірнеше түрлері кездеседі.

Мұражай қорындағы халқымыздың рухани байлығы көне құнды жәдігерлерімізді халық игілігіне ұсынып, ғылыми айналымға ендіру мақсатында оларды зерттеу, зерделеу жұмыстары атқарылуда. Осы жұмыстардың нәтижесі ретінде мұражай қорының этнография тобынан, қазақтың зергерлік қолөнер туындыларының ішінен XIX-XX ғасырларда жасалған сексеннен аса түрлері кездесетін білезіктер коллекциясынан «Білезіктер» атты ақпараттық танымдық альбом каталог дайындалды. Ғылыми-ақпараттық кітапша «Яссауи әлемі» айдарымен жарыққа шықты. Қор жәдігерлерін насихаттау бағытындағы мұндай жұмыстар өз сабақтастығын одан әрі жалғастыра бермек.

«Әзірет-Сұлтан» қорық-музейі Бас қор сақтаушы Н.Әшірбекованың айтуынша, мұражай қорында қазақ ұсталары мен зергерлері соғып қалдырған ескі күміс бұйымдардың бірнеше түрлері кездеседі. Атабабаларымыздың ұрпақтарына қалдырған дәулет қазынасы, халқымыздың өзіне тән сән-салтанатын паш ететін асыл мұрасы.

- Қазақ халқының күмістен жасалған зергерлік әшекей бұйымдарын былай қойғанда, көшіп-қонған дәулетті отбасыларының күміс қасық, күміс самаурын, күміс табақ қолданғанын, қазақтың «Күміс құманай, отта тұрған-ай» деп салған әнінен-ақ байқауға болады. Бұрынғы әр қазақтың отбасында қазан көтеріп, ас дайындаған кез-келген әйелдің қолында күміс сақинасы немесе жүзігі болмаса, оның қолынан ас ішпейтін болған. Өйткені күмістің өте күшті табиғи антисептикалық қасиетін, жұқпалы аурулардың алдын алуда пайдасы зор екендігін қазақ халқы ертеден-ақ білген. Қазіргі кезде ғалымдар күміс сумен әрекеттескенде иондалып, оның құрамында ұзақ сақталатынын, күміс қосылған су ағзадағы көптеген зиянды микроағзаларды жоятынын дәлелдеп, бұрын ауруға қарсы дәрілер (антибиотиктер) өндірілгенге дейін күмісті ем ретінде жиі пайдаланып келгендігін, кейін дәрілер пайда болысымен ол ысырыла бастағанын дәлелдеп отыр. Күмістің адам ағзасына емдік қасиеті ерекше екені медицинада да дәлелденіп, күйдіруге, микробтарды өлтіруге де күміс приборлар пайдаланылады. Күмістің 500-600 түрлі бактерияны жоятын қасиеті бар. Мысалы, жаугершілік заманда, соғыстағы батырлар қандай да бір суды ішуге қауіптенетін болса, қолдарындағы күміс жүзікті немесе күміс саймандарын салып, тазартып, сосын барып уланамыз деп еш күдіктенбей іше бергендігі тарихтан белгілі, - дейді маман.

Иә, халқымыз күміс әшекейлерді тек әдемі әшекей ретінде емес, денсаулыққа пайдалы жағында көбірек ескеріп тұтынған. Музей қорында күмістен жасалған сондай зергерлік қолөнер туындыларының ішіндегі құнды жәдігерлердің бірі және ерекше түрі - зергерлік гигиеналық тіс, құлақ тазалағыш әшекейлері.

-Тіс, құлақ тазалағыштар алғашқыда қарапайым етіп жасалып қалтаға салып жүруге арналса, кейін келе тіс шұқығыштың әйелге және ерлерге арналған түрлері шыға бастаған. Әйелдерге арналған тіс шұқығыштарға бірдей үлгіде дайындалған құлақ тазалағыштарды біріктіріп бір жиынтық етіп кеудеге тағатындықтан кеуде әшекейлерінің қатарына жатады. Бұлар әр отбасының дәулетіне, мырзалығына, әр адамның талғамына сай жасалынған. Әсіресе, әйелдерге арналған тіс шұқығыштарға көз қондырылып, үзбеленіп, сіркелі өрнектермен безендіріліп жасалған. Ал, ерлерге арналған тіс шұқығыштар қарапайымдау етіп дайындалған да, көбінде қалтаға салып жүруге арналған. Осындай зергерлік күміс - тіс, құлақ тазалағыш әшекей бұйымдарының музей қорында бірнеше үлгісі сақталуда. Кеуде әшекейі-біріншіден әшекей қызметін атқарса, екіншіден гигиеналық тіс, құлақ тазалағыш зат қызметін атқарады, үшіншіден тұмар қызметін атқарады, өйткені кеуде әшекейінің жоғарғы бөлігі үшбұрышты тұмар пішінді болып келіп ортасына ұя қондырылып жасыл түсті көз отырғызылған, төмен қарай шынжыр арқылы жапырақ пішінді салпыншақ әшекейлер ілініп, ортасына жасыл түсті көз орнатылған тіс тазалағыш және қызыл түсті көз орнатылған құлақ тазалағыштар ілінген. Бұрынғы кезде адамдар әшекейге бір түсті тастарды пайдаланғанда әдемі деп санаған, ал екінші бір түсті пайдаланғанда яғни, бір әшекейге түрлі-түсті көздерді пайдаланғанда қорғаныштық қызмет атқарады, суық көздерді өзіне тартады деп есептеген.

Келесі кеуде әшекейі және тіс, құлақ тазалағыш. Кеуде әшекейі құйма, жоғарғы жағы тамшы пішінді, ортасы жүрек пішінді, ұшы созылып келіп ұшы тіс шұқығыш болып біткен. Тіс шұқығыштың ұшы жатық та жіңішке келген, құлақ тазалағыштың ұшы доғал да дөңгелене соғылған. Тамшы және жүрек пішінді бөлігі дөңестеліп өсімдік өрнегімен өрнектелген. Тіс, құлақ тазалағыштың бұл түрі қарапайымдау жасалған, - дейді Н.Әшірбекова.

Ықылым заманнан бері қазақ халқы өзнің өркениетті халық екенін табылған археологиялық қазбалар арқылы дәлелдеп бағуда. Ұзақ жылдар бойы талай ауыр нәубеттерді бастан кешірген халыққа мұны дәлелдеудің мүмкіндігі болмады. Дегенмен, тарих сөйлемей қоймас. Бүгінде атабабаларымыздың кейінгі ұрпаққа қалдырып кеткен мол мұрасы мен тарихи жазбалары өркениеті дамыған ел болғандығымызды айғақтайды. Жоғарыда сипаттап өткен музей қорындағы күмістен жасалған бұйымдарымыздың өзі-ақ, қазақ халқы нағыз дамыған мәдениеттің үлгісін, жеке бастың гигиенасы дегенді, әр адамның тіс, құлақ тазалайтын құралдары болуымен-ақ дәлелдеген және мұндай құралдардың күмістен жасалғандығы халқымыздың бекзат болмысын көрсетсе керек.





Бүгінде туристердің сүйікті мекеніне айналып отырған, сондай-ақ, қазақ халқының тарихынан сыр шертетін музей кешенін дамыту мықтап қолға алынған. Түркістан қаласы 2018 жылдан бері облыс орталығына айналғалы кешеннің мән-маңызы арта түсті. Кешен аумағында қайта археологиялық қазба жұмыстары жүргізіліп, реставрация жұмыстары қарқын алуда.

Бүгінде бұл аумақта сәні мен салтанаты келіскен шығыс променады, яғни, серуен алқабы ұлттық ерекшелік пен заманауи мәдениеттің көркем келбетін ұштастырады. Келушілер мен демалушыларға қолайлы болу үшін ландшафтық сәулет, фонтандар, ашық айвандар және басқа да нысандар орналасады. Кәдесыйлар сататын дүңгіршектер салынады. Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеев «Әзірет Сұлтан» кешенін дамыту бойынша жоспарға сәйкес жасалып жатқан жұмыстарды бақылап қайтты. Жаңа жобаға бірқатар өзгертулер енгізіп, қала әкімі мен тиісті басшыларға бірқатар тапсырмалар жүктеді.

Бұл аумақтағы шеберлер орталығы мен шығыс базары бойында абаттандыру жұмыстары басталды. Облыс басшысы жаңа аумақты орта ғасырлық сәулет өнеріне сай, ұлттық нақышты ұстана отырып, ерекше бірегей келбетін сақтауды тапсырды. Лакшери (Luxary) үлгісінде, ағаш пен темірден ойылып жасалған бір нақышты сақтауды міндеттеді.

«Түркістанның тарихи-мәдени орталығын қайта жаңғыртуға бағытталған бұл аумақтың бетке ұстар жоба екенін ұмытпау керек. Орта ғасырлық сәулет өнеріне сай, ұлттық нақыш сақталады. Құрылыс заттары жоғары сапалы болғаны жөн. Лакшери стилінде, ағаш пен темірден бір үлгіде жасалуы қажет. Сонымен қатар, осы аумақта мұнаралар бой көтереді»,-деді облыс әкімі.

Биыл осы аумақта бой көтерген «Ұлы дала елі» орталығы да іске қосылады. Құрылыстың қызған шағында жұмысшылармен жүздескен облыс әкімі оларға елдегі төтенше жағдайға орай сақтық шараларын қатаң сақтауды ескертті. Алып құрылыс алаңдарында ірі құрылыс компаниялары киелі шаһарды түлету жолында күндіз-түні тер төгуде.

# БОЗДАҚТАРҒА ТАҒЗЫМ

## немесе «ҰЛЫ ДАЛА БАТЫРЫ» сайты жұмысының мақсаты не?

Жер бетіндегі халықтар арасында бір күнде бірдей аталып өтетін мереке жоқ. Бірақ жарты әлемнің халқы бірдей атап өтетін бір ұлық мереке бар. Ол – 9 мамыр күні тойланатын Ұлы Жеңіс күні! Ол жайлы тәптіштеп жатудың да қажеті шамалы. II дүниежүзілік соғыс туралы сөз еткенде, біз оның тарихына, оған қатысқан жауынгерлердің ерліктері мен өмірбаяндарына бір соқпай кете алмаймыз. Дегенмен, соңғы кездері сол соғыста хабар-ошарсыз кеткен боздақтардың ғұмырбаяндарын зерттеу, олардың қандай майданда қаза тауып, қай жерде жерленгені туралы мәліметтерді табу, осы жұмыспен тыңғылықты айналысу үрдісі жақсы жолға қойылған. Бұл бағытта бірталай игі істер атқарылуда. Осы бағытта жазылған бұл мақаланың мақсаты да –осы.

Алдымен соғыс кезінде хабарсыз кетіп, ол туралы ақпарат кейін шыққан бір ардагер мен оны іздеп тапқан бір азамат хақында баяндап өтейік. Біздің елде Ұлы Отан соғысы кезінде хабарсыз кеткен боздақтарды іздеп табумен айналысып, бұл жолда талай жетістіктерге жеткен азамат бар. Оның аты-жөні – Аманжол Оразбаев. Ол «Арлан» әскери-патриоттық орталық» қоғамдық қорының директоры, заң ғылымдарының кандидаты, запастағы полковник. Аманжолдың айтуынша, бұл іске ол өз қызығушылығымен кіріскен.

–2008 жылы Мәскеу қаласында Қазақстан елінің өкілі болып жүргенімде, Андрей деген ұлты орыс әріптесім маған: «Өткен жылдың аяғында Ресейдің қорғаныс министрлігі 1941-45 жылдар аралығындағы соғыс кезінде хабарсыз кеткен боздақтардың аты-жөндері тізілген арнайы сайт ашты. Егер сенің де сол соғыста хабарсыз кеткен туыстарың болса, олардың аттарын сол сайттан іздеп көруіңе болады» деді. Содан кейін менің бұл іске деген құмарлығым артты, – дейді ол.

Аманжолдың Хайрулла деген атасының інісі сол соғыста хабарсыз кеткен екен. Андрейдің әлгі сөзінен соң ол Ресей Қорғаныс министрлігінің жаңағы тақырыпқа арналған «ОБД-Мемориал» сайттын ашып отырып, хабарсыз кеткендердің тізімі арасынан «Оразбаев 1942 жыл» деген жазуды тауып алады. Ары қарай ол жерден «Сталинград майданындағы 233-дивизияға қарасты 703-полкінің минометтік взвод командирі кіші лейтенант Оразбаев Хайрулла Балжанұлы 1942 жылғы 28 қарашада ауыр жараланды» деген жазуды оқиды.

Ол жазуда Хайрулла Балжанұлының майданға Семей қалалық әскери комиссариатынан аттанғаны жайында да айқын жазылған екен. Сөйтіп, Аманжол өз атасын оп-оңай тауып алады да, бұл хабарды еліне жеткізеді.

Аманжол содан бастап соғыс кезінде хабар-ошарсыз кеткен боздақтарды іздейтін «Солдат.Ру» деген сайтқа тіркеліп, өз бетінше еңбектене бастайды. Бұл жолы ол, кейінгі ұрпаққа соғыс кезінде қай майданда, қай қалада қаза тапқаны мүлдем белгісіз күйде қалған бірталай шейіттерді анықтап, оларды туыстарына тауып береді. Мәскеу түбіндегі, Сталинград қорғанысындағы, Курск иініндегі алапат шайқастарда, одан соң Украина мен Белорусияны, Польша мен Чехославакияны азат ету жолында шейіт кеткен жүздеген боздақтардың есімдерін анықтайды. Осындай еңбектердің негізінде, Зейнолла Байжасаров деген ардагердің ұлы Болатпен бірігіп, «Солдат туралы хикая» атты кітап жазады.



Бұдан басқа аты аңызға айналған ұшқыш, 7 әскери орденнің, отызға жуық медальдардың иегері Борис Князов жайында еткен еңбегі де аса елеуге тұрарлық. Аманжолдың бастамасымен талай адам соғыстың кесірінен жат жерде мәйіттері қалған өз әке-аталарының сүйектерін туған жерлеріне әкеп, қайта жерледі. Оның мұндай ізгілікті ісіне риза болған жүздеген ерікті азаматтар бүгінде оған қосылып (оның ішінде мен де бармын), осынау сауабы мен мейірімділігі мол жұмысқа белсене араласып жүр.

Әлбетте, сауап іс әрқашан да өз жалғасын табады және ұдайы жақсылықтармен астасып отырады. Аманжол 2016 жылы әскери қызметтен запасқа біржолата шығуға дайындалып жүргенде, ҚР Ұлттық Қауіпсіздігі комитетінің генерал-лейтенанты, менің інім Нұрғали Дәулетбекұлы Білісбековке әлдеқандай бір шаруамен кіреді. Бір кездері Аманжол қатты құрмет тұтқан әрі өзінің ұстазы санаған генерал Тоқтархан Нұрахметов бұларды таныстырған екен. Содан бері екеуінің қарым-қатынасы жақсы болып кетіпті.

Араларындағы қызметтік шаруа біткен соң екеуі басқа тақырыптағы әңгімелерге көшіп, Аманжол Нұрғалиға қолындағы «Солдат туралы хикая» атты кітапты көрсетеді. Оның жазылу тарихын әңгімелейді. Нұрғали кітапты қолына алып отырып: «Менің атам да – соғыста хабарсыз кеткен майдангер. Мәскеудегі Қорғаныс министрлігіне ол жайында бір мәлімет сұрастырып, қанша хат жазсақ та, ешқандай хабар ала алмадық» дейді.

Осыдан кейін Аманжол атамыз Әжібеков Білісбекті іздеуге кірісіп, жоғарыда аталған сайттарды ақтара бастайды. Бірақ Аманжол іздеген тізімдерден Әжібеков деген фамилия шықпайды. Есесіне, Шаян ауданының Жүзімдік ауылдық кеңесіне қарасты Ұсин-Тас (Үсіктас) ауылынан майданға аттанып, Тверь облысындағы «Бауырластар зиратына» жерленген Айжанов деген боздақтың фамилиясы шығады. Аманжол мұны Нұрғалиға айтады. Ал, Нұрғали болса: «Айжанов деген фамилия Білісбек атаның Ащысай поликомбинатындағы кадр қызметкерінің қате жазғаны болар» деген блжам айтады. Содан Нұрғали мен Аманжол бірлесіп, бұл ұқсастықтың сырын зерттеуге кіріседі. Ал, бүгінде Бәйдібек аудандық әскери комиссариатынан Ұлы Отан соғысына аттанған жігіттердің арасынан, осы Үсіктас ауылынан соғысқа кеткен Әжібеков Білісбек болып шығады. Айта кетер болсақ, Шаян ауданы (кәзіргі Бәйдібек) Үсіктас ауылынан 81 адам майданға аттанған болса, олардың арасынан 19 майдангер аман оралады. Зерттеу барысында «Именной список – 57 безвозвратных потерь начальствующего состава и рядового 362 стрелковой дивизии 1.03 по 1.04 1943г» - Айжанов Билиспек, ал, «Именной список - 670 человек безвозвратных потерь военнослужащих от 29.07.48г» - Ажибеков Блысбек болып жазылғаны анықталады, ал Ажибеков Мылтықбай атамның кіші інісінің әйелі-Айжанова Улдарбек болған.

Сонымен, біраз зерттеулер мен ізденістердің және басқа да деректердің нәтижесінде Айжановтың, Әжібеков Білісбек екені анықталады. Айжанова Ұлдарбек- Білісбектің әйелінің аты-жөні. Бір мәліметте 1943 жылдың 2 наурызы күні дұшпанмен болған алапат шайқаста 362-атқыштар дивизиясынан Блыспек Айжанов пен Герасим Русанов атты екі жауынгердің қайтыс болғаны көрсетілген.

Білісбек атам жерленген «Бауырластар зираты» Ресейдің Тверь облысына қарасты Оленин ауданындағы Мостовая станциясының маңында. Негізі, біздің нақтылауымыз бойынша, Білісбек атамыз 1896 жылы дүниеге келген. 1941 жылы соғыс басталғанда, түп-тура 45 жаста болған. Ол кезде қырық беске келгендерді соғысқа алмаған. Бірақ, атам соғысқа аттанып жатқан өз бауырларынан қалғысы келмей әрі Отан үшін от кешуді өзіне парыз санап, әскери комиссариаттан соғысқа сұранады. Бұл кезде оның Ащысайдағы шахтада жұмыс істеп жүрген кезі болатын. Жас жігіттердің барлығы майданға кеткендіктен, шахтаға да қажетті жұмысшылар азайып, жұмысшы күші қат бола бастайды. Осыны білген соң, Білісбектің жасы ұлғайып қалғанын сылтаулатқан әскери комиссариат оның өтінішін қабылдамайды. Алайда, атам алған бетінен қайтпай, соғысқа қайта-қайта сұранады. Ақыры оның өтініші қабылданып, майданға аттандырылады.



Сол уақыттағы Шаян (қазіргі Бәйдібек) аудандық әскери комиссариаттан 1942 жылы соғысқа аттанғандардың тізімін тізген мәліметте Білісбек атамның (бір ескерте кететін нәрсе – сол құжатта атамыздың аты біресе Былысбек, біресе Бижсбек деп көрсетілген) туған жылы 1900 жылы деп көрсетілген. Соғысқа кеткен уақыты – 1942 жылғы маусымның 16-сы. Енді осы жерде маған бір ой келеді: Егер Білісбек атам 1896 жылы туылған болса, 1942 жылы 46 жасқа келеді. Ал, ол уақытта 46 жастағы адамды соғысқа алмаған. Ал, 40-41 жастағы азаматтар майданға алына берген. Ол кісі осыны біліп, біріншіден, жасын қолдан кішірейткен сияқты, екіншіден, фамилиясын Айжанов деген фамилияға өзгерткен сыңайлы. Дегенмен, кім біледі, біздікі тек болжам ғана ғой.

Қалай дегенмен де, Аманжол атамыздың жатқан жерін тапқан соң, мен, інілерім – Ерғали, Нұрғали үшеуіміз 2016 жылғы 8 мамырда Ржев қаласына жол тарттық. Атамыз мәңгі қоныс тапқан Мостовая станциясындағы «Бауырластар зиратына» жетіп, ата рухына, сондай-ақ, сол жерде жерленген басқа да боздақтарға құран бағыштап, бас идік. Атамыздың қаны тамған Үсіктас ауылынан бір уыс топырақ алуды да ұмытпай, оны ол кісі жерленген зиратқа төктік.

Зират басында біз өз тарапымыздан бірталай игілікті істерді атқардық. Олардың бірсыпырасы бұрындары талай рет баспасөздерде жазылғандықтан, оларды тағы да тәптіштеп жазуды жөн көрмедім. Бірақ, сол сапарда менің басыма басқа бір жақсы ой келді.

Мен «Бауырластар зиратында» орнатылған орасан үлкен тақтада жазылған мыңдаған боздақтардың аттарын көрдім. Олардың арасында қай ұлттың өкілдері жоқ дерсің?... Біздің қазақ бауырларымыздың өзі қаншама?! Олардың көбісі хабар-ошарсыз кеткен боздақтардың қатарынан саналып, мұнда жерленгендері елдегі туыстарына беймәлім болып жүргені кәміл. Сондықтан да, олардың аты-жөндерін елге таныстырайын, сонда бәлкім, мұнда елеусіз жатқан боздақтардың туыстары табылар деген ниетпен, жоғарыда аталған Аманжол Оразбаевпен бірлесіп, «Ұлы Дала Батырлары» деген сайт аштық. Жаңа форматта 9 мамыр мерекесін атап өтуді Президент Әкімшілігіне ұсындық, қорғаныс министрлігі қолдау көрсетті.

Расында, сол сайтты ашқаннан кейін майдан даласында хабар-ошарсыз кеткен әкелерін, аталарын іздеген адамдар көбейіп, бізге хабарласа бастады. Қазірдің өзінде біз соғыста хабарсыз кеткен 400 адамның кімдер екенін анықтап, олардың қай өңір, қай ауылдан шыққанын білдік, жақындарын таптық. Алайда, біздің елде әлі де, соғыста жоқ болып кеткен туыстарын іздеп жүрген адамдар көп екені хақ. Егер, ондай жандар табылып жатса, Шымкент қаласындағы Азаматтық Альянсымен байланысуларына болады. Ондай ізгілікті істі атқарудан еш шаршамаймын және бастаған іс-әрекетімді соңына дейін жеткіземін.

Биыл менің Білісбек Әжібеков атам сынды ардагер қаһармандарымыздың арқасында фашистік Германияны тізе бүктіріп, Ұлы Жеңіске жеткенімізге 75 жыл толды. 75 жыл! Бұл дегеніңіз – бір адамның ғұмыры. Осы екі аралықта сол майданнан аман қайтқан қаншама ардагерлер өмірден өтті, талайы аман-есен ортамызда жүр. Ал, майдан даласында шейіт кетіп, жат жерде мәңгілік қалғандардың кеуделерінде армандары мен ой-мақсаттары бар еді. Отан үшін болған шайқаста қасық қанын төгіп, бүгінгі бейбіт заманның қызығы мен қуанышын, тәтті сәттері мен жайсаң күндерін көре алмай кеткен атам – Білісбек Әжібекұлы сияқты боздақтар, осынау Ұлы Жеңістің әр жылғы мерекесінде елге жеңіспен оралған ардагерлеріміз бізбен бірге үнемі бір сапта жүреді... Өйткені, олардың рухтары мәңгілік тірі, ерліктері ұмытылмайды. Себебі, Біз – батыл ердің ерлігін бағалаған, батырдың қадір-қасиетін қастерлеген азаматтардың ұрпағымыз. Оқ пен оттың ортасында, өлім мен өмір арпалысында қаймықпай алға ұмтылған, сол қайсарлықтарының арқасында жеңісті жақындатқан боздақтарды ұмытпай, аттарын ортамызға қайтып ораттық!

Иә, осы жазбамда біздің жарқын болашығымыз үшін жанын пида еткен қаһарман атам – Білісбек Әжібекұлын еске алу арқылы, қиын-қыстау уақытта жауға қарсы оқ атып, қан кешіп, от басқан, шыбын жаны шырқырап өмірмен қоштасқан барлық майдангер әке-аталарымызды да ойға алып, боздақтарға бас иіп, тағзым еттік... Ер есімі-ел есінде.

**Жұмағали БІЛІСБЕКОВ,**
*Түркістан облысының Құрметті азаматы.*





# Азаматқа тән қасиет



Желтоқсан оқиғасының бел ортасында жүріп, жап-жас болып қаншама қиындықтарды бастан өткерген кешегі студенттер - бүгінде «Желтоқсан ардагері». Арада өткен жылдар оларды есейтті, еңбекте шыңдалды. Үйлі-баранды болды. Бірақ, қиын-қыстау уақытты ешқайсысы естен шығарған емес. Сондықтан да болар, бір-біріне қамқор, жиі хабарласады. Қолдан келгенше қамқорлық, демеушілік жасаудан тартынбайды. Шымкенттік желтоқсаншылар ұйымының ардагерлері бұл дәстүрді жыл өткен сайын жаңғыртып келеді.

Бұл жолы желтоқсан ардагерлері ұйымының атынан Шымкент қаласындағы Қосалқы мектеп-интернатында мүмкіндігі шектеулі балалармен кездесуде болдым. Мұнда жас жеткіншектер тәрбиеленіп, білім алуда. Кездесуден алған әсерімді тілмен айтып жеткізе алмаймын. Балалардың бар ынта-ықыластарымен ән салып, тақпақ айтып, билеп жүргендеріне риза болдым. Олардың өнерге деген құрметі, сүйіспеншілігі көңіліме қуаныш ұялатты. Балалардың өнеріне тәнті болып тұрғанымда Қосалқы мектеп-интернатына 22 жылдан бері басшылық жасап келе жатқан Абзал Дүйсенбиев қасыма келіп, мұнда балалар үшін барлық жағдай жасалып жатқанын, мектеп-интернат ұстаздары мен тәрбиешілердің еңбегі елеулі екенін, мұнда өнерге, оқуға құштар жасөспірімдер тәрбиеленіп, білім алатынын, спорт жарыстары жеңімпаздарының көптігін, кездесулер өткізудің пайдасы зор екенін жеткізді.

Иә, мектеп –интернатта 141, оның ішінде 36 тәрбиеші, 43 мұғалім бар. Оның ішінде Ф.Ботабаева мен А. Алиева " Үздік мұғалім " медалінің иегері. Ұжымда желтоқсан оқиғасының куәгері Райхан Кульбаева еңбек етеді. Дефектолог-мұғалімдердің еңбектері жауапты да қиын. Тәжірибелі, білікті психолог А.Ботбаева, ақ желеңді абзал жандар Ж.Тұрдықұлова, Ф. Натаева өз ісінің мамандары.

Көркемдік жетекші Асылбекова Зағираның жетекшілігіндегі балалар Нұрсұлтан, Көкшетау қалаларында өткен "Жұлдызай" өнер фестиваліне қатысып, Елорданың 10 жылдығында өнер көрсетті. Мектептің еңбек пәні мұғалімдері сахналық киімдердің сәнді әрі сапалы тігілуіне сүбелі үлес қосып келеді. Мектеп-интернат ұжымы ұйымшыл. Интернат тәрбиеленушілері халықаралық, республикалық, облыстық олимпиадаларға, атап айтқанда, АҚШ-тың Бойсе қаласында өткен Дүниежүзілік қысқы арнайы олимпиадаға, Грециядағы Афина қаласында өткен жазғы арнайы олимпиадаға, Бельгияда Антверпен қаласында өткен Еуропалық жазғы арнайы олимпиадаға, Лос-Анджелесте өткен Дүниежүзілік арнайы олимпиадаға қатысты.

Әрине, өнерге де, оқуға да ынталы тәрбиеленушілердің ыстық ұясы – мектеп-интернатқа кәсіпкер азаматтар демеушілік танытып жатса, нұр үстіне нұр болар еді. Жүректері арман-мақсатқа толы жеткіншектердің қуанышты жүздерін көрудің өзі - бақыт!

Бүгінде мектеп басшысы мен ұжымның бір кісідей жұмылып жұмыс істеуі жетістіктерге жеткізіп отыр. Келген қонақтарды құрметтеу, балалардың бүкіл жақсы істерін жарқырата көрсету, ұжымды бірлікке, еңбексүйгіштікке, іскерлікке жұмылдыру оп-оңай тірлік емес. Бұл-тәжірибелі де іскер азамат Абзал Дүйсенбиевтің басшылығындағы игілікті істер. Желтоқсан ардагері Райхан Кулбаева: «Мен осындай білікті басшысы бар ұйымшыл ұжымда еңбек етіп жүргенімді мақтан етемін» деді. Әріптесімнің осы бір ауыз сөзі көптің көңілінен шыққан мекеме басшысы Абзал Жолдасбекұлының бойында азаматқа тән қасиеттер көп екенін айқындап тұрғандай.

**Роза ЕРМАНОВА,**
*Желтоқсан ардагері.*

75 ЖЫЛ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНДАҒЫ ЖЕҢІСКЕ

**Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс - елдік пен ерліктің және халқымыздың бірлігі мен қайсар рухының мерекесі. Бұл мереке - Отанын қасық қаны қалғанша қорғап, теңдессіз ерліктер жасаған жауынгерлердің айбыны мен тылдағы Жеңісті жақындатқан ерен еңбектің мәңгі өшпейтін белгісі!**



# ЕРЛІККЕ ТАҒЗЫМ

Біздің аталарымыз бен апаларымыздың жанқиярлықтары, олардың өз Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктері Қазақстанның бүгінгі жауынгерлері мен жастары үшін мақтан тұтарлық үлгі! Ұлы Жеңіс мерекесі – сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке және жас ұрпақ үшін өшпес өнеге! Бұл Жеңісті бірінші болып соғыстың алғы шебінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды. Бүгінде олардың қатары сиреп, тым аз қалды. Былтыр ҰОС-ның ардагері, Қазақстанның құрметті судьясы Айтжан Бекназаровтың өмірден озуы Шымкент қаласындағы сот қызметкерлерінің қабырғасын қайыстырды. Ол заң саласында 35 жыл, соның ішінде сот жүйесінде 32 жыл қызмет атқарған.

Айтжан Тассейітұлы 1922 жылы 28 наурызда Оңтүстік Қазақстан облысы Төле би (бұрынғы Леңгер) ауданы Шутөбе ауылында дүниеге келген. 1934-1937 жылдары Алматы қаласында Қазақстан Орталық атқару комитетінің төрағасы қызметін атқарған атасы Елтай Ерназаровтың тәрбиесінде болған. 1940 жылы Төле би ауданындағы Көксәйек орта мектебінің 9 сыныбын бітірген соң, Шымкентте ашылған бір жылдық мұғалімдер курсын тәмамдап, өзінің 1-Май ауылындағы орта мектепте тарих-география пәнінің мұғалімі болған.

1941 жылы Отан соғысы басталған соң желтоқсан айында әскерге шақырылып, Тараз қаласында жасақталған 105-қазақ ұлттық атты әскер дивизиясында штаб байланысшысы болған. 1942 жылы тамызда атты әскер таратылып, 152-гаубица артиллериялық полкінің 5-батареясының аға барлаушысы болып тағайындалған. Иваново облысындағы, Гороховецкий лагерінде екі ай жедел жаттығудан кейін, сол жылы қазан айында Сталинград майданына жөнелтілген.

Бұл полк 1942 жылы 19 қарашада Сталинградтағы фашистік Германия әскерін қоршауға алу мақсатындағы соғыс қимылдарына, содан кейін үшінші Украина майданында жаудан елді азат етуге қатысқан. 1943 жылы соғыстың қызған тұсында, бір сүйем жер үшін жан алып, жан берісіп жатқан кезде, Днепр өзенінен өтіп, оның арғы жағындағы «плацдарм» алу шайқасында көрсеткен ерлігі үшін, А.Бекназаров «За отвагу» медалімен, ал, 1945 жылы наурыз айында «За боевые заслуги» медалімен, кейінірек II дәрежелі Отан соғысы орденімен марапатталған.

Ол 1945 жылы 8 мамырда Австрияның Грац қаласында соғысты жеңіспен аяқтап, 1945 жылы желтоқсанда туған жері Төле би ауданына оралған соң колхозшы болып жұмыс істейді.

1947 жылы қыркүйекте Алматыдағы 2 жылдық заң мектебіне түсіп, оны 1948 жылы желтоқсан айында мерзімінен бұрын бітіреді. Қартайған әке-шешесінің жалғыз баласы болғандықтан, Көкшетау облыстық сотына мүшелікке барудан өз еркімен бас тартып, Шымкентте адвокат қызметін атқарады. Содан кейін 1951 жылы Мақтаарал аудандық сотына судья болып сайланады. Айтекең өзінің ақыл-парасатының, біліктілігі мен алғырлығының арқасында қатардағы судьядан аудандық соттың төрағасына дейін өскен. Осы аудандағы төрағалық қызметін 1964 жылдан 1982 жылдың маусым айына дейін абыроймен атқарып, құрметті демалысқа шыққан.

Айтекең 40 жылдай заң саласында қызмет істеп, соның 32 жылын аудандық сотта өткерген. Ол зейнеткерлікке шыққаннан кейін шығармашылық жұмыстармен айналысып, «Сұрапыл жылдар», «Ақиқат және әдеп», «Елтай елінің бір ұлы еді», «Тарихтағы ұлы тұлғалар» атты кітаптарын шығарды. А.Бекназаровтың «Сұрапыл жылдар» кітабында келтірілген деректерден қазақ халқының сол жойқын соғыс жылдары бір-біріне қайырымды, тілеулес болғандығын оқығанда жүрегің елжірейді.

Осы орайда біз, әр жылы Ұлы Отан соғысының тыл ардагерлері А.Евстафьева, Ж.Шойбекова, Н.Кириченко және Ж.Ниязалиеваны мерекелік шараларға шақырып, сый-құрмет көрсетіп келеміз. Биыл да тыл ардагерлерінің үйлеріне баруды жоспарлап отырмыз.

Қалалық соттың мұражайында ҰОС-ның ардагері, Қазақстанның құрметті судьясы, жазушы А.Бекназаровқа арналған стенд бар. Ол жерге автордың 4 кітабы мен тағы басқа да құжаттары қойылған.

**Айнел ОРАҚБАЕВА,**
*Еңбекші аудандық сотының судьясы*

# КІСІЛІГІ КІШІЛІГІМЕН ЕРЕКШЕЛЕНГЕН ҮЛКЕН ЖҮРЕКТІ ЖАН ЕДІ...



«Медицина ғылымдарының докторы, профессор, Шымкент қаласы мен Түркістан облысының медицина саласының дамуына өзіндік үлес қосқан ел ағасы Мұқан Кеңесбекұлы Егізбаев мезгілсіз дүниеден озды»-деген суық хабар ешкімді бей-жай қалдырмады.... Мұқан Кеңесбекұлы Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің өкімімен Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму Министрінің келісімі бойынша Оңтүстік Қазақстан облысы денсаулық сақтау басқармасының басшысы болып тағайындалғанда, талай жанның дертіне дауа іздеп, халықтың қорғанышы, һәм қолдаушысы бола білген ақ халатты абзал жан үшін оңтүстікқазақстандықтардың қалай қуанғаны кеше ғана сияқты еді! Иә, жаны жайсаң, жомарт жүректі жан біліктілігі жоғары шипагер еді.

Мұқан Егізбаев 1962 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Сайрам ауданында туылған. Білімі - жоғары, мамандығы педиатр-дәрігер, экономист, жоғары санатты денсаулық сақтауды ұйымдастырушы, медицина ғылымдарының докторы. Қарапайым отбасынан шыққан ол алғашқы еңбек жолын 1987 жылы педиатр болып бастаған. Өзінің кәсіби шеберлігі мен ұйымдастыру қабілетінің арқасында қаламыздағы бірқатар ауруханаларда белді қызметтерді атқарды. Атап айтқанда, Шымкент қалалық балалар жұқпалы аурулар ауруханасы мен облыстық дерматовенерологиялық диспансерді, облыстық балалар ауруханасын басқарды.

Соңғы 8 жылда облыстық клиникалық аурухананың бас дәрігері болып, медициналық мекемені жаңа сатыға көтерді. Облыстық мәслихаттың бірнеше шақырылымдағы депутаты ретінде сайлаушылардың сенімін ақтады. Біліктілігі жоғары және медицина ғылымдарының докторы денсаулық сақтау саласының дамуы бойынша бірқатар нақты тапсырмаларды тиянақты атқарып, елдің алғысына бөленген жан Мұқан Егізбаев енді ортамызда жоқ... Орны толмас ауыр қаза...Амал қанша, «Жазмыштан озмыш жоқ» деген. Мұқан Егізбаевтың әкесі Кеңесбек пен аяулы анасына қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз.

Соңында өшпес із қалдырған, Гиппократ антына адал ақ желеңді абзал жанның топырағы торқа, жаны жаннатта болып, құран нұры тар қабірін кеңейтіп, нұрландыра берсін!

**Дулат ӘБІШ,**
*Түркістан облыстық мәслихаттың депутаты.*

«Айғақ» телеарнасы мен Республикалық «Айғақ» газетінің ұжымы медицина ғылымдарының докторы, профессор **Мұқан ЕГІЗБАЕВТЫҢ** қайтыс болуына байланысты туған-туыстары мен жақындарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Айғақ» телеарнасы мен Республикалық «Айғақ» газетінің ұжымы «Айғақ» телеарнасының директоры Мұхтар Серікбаевқа енесі **Тастанкүл ӘБИҚЫЗЫНЫҢ** қайтыс болуына байланысты туған-туыстары мен жақындарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

АЙҒАҚ MEDIA
Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде, Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылдың 5 қаңтарда есепке қойылып, №10617-Г тіркеу куәлігі берілген.

Құрылтайшысы және меншік иесі «Айғақ»Медиа» ЖШС

Ұлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ НАУШАБАЕВА - Бас редактор
Сейсенбай АХМЕТ - журналист

РЕДАКЦИЯНЫ МЕКЕНЖАЙЫ:
160000, Шымкент қаласы, Ғ. Іляев көшесі, 29.
E-mail:aigak@mail.ru www.aigak.kz
Жандос САҒЫНДЫҚОВ - Безендіруші
Сандуғаш ӘБДІҒАППАРҚЫЗЫ - Жарнама
Олжас ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ - Тарату бөлімі

Ⓐ Мақаланың жариялану ақысы төленген.
Журналистер: 8 (7252) 30-10-86,
Жарнама бөлімі тел: 8 (7252) 21-34-30,
Қаржы бөлімі тел: 8 (7252) 21-06-34 Факс: 30-07-25
Газетті тарату және жеткізу қызметі: 8 747 123 45 89

Газет таратйтын облыстар мен қалалар:
Нұр-Сұлтан, Ақмола, Алматы, Атырау, Ақтөбе, Ақтау, Ақсай, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облысы, Жамбыл, Қызылорда, Қостанай, Көкшетау, Семей, Павлодар, Талдықорған, Қарағанды, Теміртау, Шымкент.

Жазылу индексі 65836 16+

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, «Айғақ» Баспа үйі» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ғ.Іляев көшесі, 29.

Тапсырыс: №69

Нөмірдің кезекші редакторы - Сандуғаш Әбдіғаппарқызы

Редакция авторлар мақаласы мен көзқарасына, жарнама мазмұнына жауап бермейді. Автор қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды. Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды. «Айғақта» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

## Бұл аптада кімдер туылған?

**07.05.1963**
***Дариға НАЗАРБАЕВА,***
*Мемлекет және қоғам қайраткері.*

**08.05.1937**
***Асанәлі ӘШІМОВ,***
*Халық әртісі.*

**08.05.1947**
***Жеңісбек МӘУЛЕНҚҰЛОВ,***
*Түркістан облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы.*

**09.05.1926**
***Бейсенәлі ҚЫРҒЫЗӘЛИЕВ,***
*Келес аймақтық білім беру қызметкерлерінің аудандық кәсіподақ Кеңесінің төрағасы*

**09.05.1951**
***Жеңісбек ТҰРҒАНОВ,***
*Ауыл шаруашылығы ғылымының кандидаты.*

**09.05.1954**
***Қайрат МӘМИ,***
*ҚР Конституциялық Кеңесінің Төрағасы.*

**10.05.1955**
**Айтбек МЕЛІБЕКОВ,**
*«Ақсу Жабағлы» АҚ-ның директоры*

**11.05.1952**
**Мұхит ӘЛІ,**
*Төлеби ауданының құрметті азаматы*

***Құрметті туылған күн иелері! Сіздерді «Айғақ» газетінің ұжымы туған күндеріңізбен шын жүректен құттықтайды!***



# ШЫМКЕНТТІК ТОҒЫЗ ПОЛИЦЕЙ МАРАПАТТАЛДЫ

Жеңістің 75 жылдығы қарсаңында ҚР Ішкі істер министрі, полиция генерал-лейтенанты Ерлан Тұрғымбаев бейнебайланыс арқылы еліміздің аймақтарынан 47 ерекше көзге түскен полиция қызметкерлерін салтанатты түрде марапаттады.

Шымкент қаласы Полиция департаментінің бастығы, полиция полковнигі Ералы Жұмаханбетовтың қатысуымен өткен салтанатты рәсімде департаменттің 9 қызметкері марапатталды, - деп хабарлайды Полиция департаментінің баспасөз қызметінен.

"Құқық тәртібін қамтамасыз етудегі қосқан үлесі үшін" медалімен:

- Қаратау АПБ-ның полиция капитаны Есенқұлов Медет Қанатұлы марапатталды, ол ағымдағы жылдың 16 наурызында жергілікті тұрғын көпқабатты үйдің 9-қабатынан секіріп кетпек болған кезде суицидтің алдын алып, оны құтқарып алған;

-Еңбекші АПБ-ның қызметкерлері полиция майоры Дәурен Мырзалиұлы Майрихов, полиция майоры Біржан Сағынбайұлы Сағынбаев, полиция майоры Дәулет Бақытұлы Әбубәкіров жәнеТемір Жәнібек Өмірбекұлы суицидтің алдын ағаны үшін: олар а.ж. 26 наурызында кәмелет жасқа толмаған қызды темір жол рельсінен шығарып, құтқарып алған;

- Қаратау АПБ-ның полиция аға лейтенанты Болат Асхат Тайырханұлы, оны ішкі блокбекетте құқық тәртібін сақтау бойынша міндетін орындау кезінде "Лексус-570" маркалы автомашинасы қағып кеткен;

-Абай АПБ-ның қызметкерлері полиция капитаны Абдрахманов Мұзафар Хикматуллаұлы және полиция лейтенанты Ырысбеков Бименды Ермұхамедұлы тұрғындарды агрессивті иттен құтқарған, нәтижесінде бір қызметкер жарақаттанды.

Бұдан басқа, алғыс хатпен полиция лейтенанты Чуманов Асқар Шералыұлы марапатталды, ол ағымдағы жылдың 16 наурызында жергілікті тұрғын көпқабатты үйдің 9-қабатынан секіріп кетпек болған кезде суицидтің алдын алуға үлесін қосқан.

Шымкент қаласы Полиция департаментінде қызмет ететін кәсіби және қайсар мінезді офицерлердің ерліктері, әрине, үлкен құрмет пен қоғамдық мойындауға лайық.

# ОНЛАЙН КЕЗДЕСУЛЕР

Карантин барысында "Су ресурстары-Маркетинг" ЖШС-нің қызметкерлері шетелдік әріптестермен тығыз байланыста болып, тәжірибе алмастыруды жалғастыруда. Мекеме өкілдері де өз жасақтамаларымен де жиі бөлісуде.

27 сәуір күні Нижнегородск су арнасы қызметкерлерінің қатысуымен бейнеконференция өтті. Күн тәртібінде - сату бөлімі, заңгерлер және апаттық қызметтер жұмысында бағдарламалық қамтамасыз ету өнімдерін пайдалану. Ресейлік әріптестер жаңа қосымшамен таныстырды, ол арқылы сату бөлімі мамандарының жұмыс өнімділігі екі есе жоғарылаған. Оған қоса уақытты жоғалту көрсеткіштері төмендеген және мекеменің талдау базасы толықтырылған.

Сот істері бойынша тиімді тәжірибе ұсынылды. Ол "Су ресурстары-Маркетинг" ЖШС-і заң бөлімінің басшысы Кеңес Әлібаевты қызықтырды. Сонымен қатар, директордың экономика және маркетинг бойынша бас директордың орынбасары Жанатбек Тұрдалиев ресейлік әріптестерді шымкенттік су арнасының жетістіктерімен таныстырды. Кәсіпорында өндірістік процестерді цифрландыру белсенді жүргізілуде. Түрлі бағдарламалық өнімдер мекеме қызметінің барлық саласында қолданылады. Шымкенттіктер әріптестермен өз идеялары мен жасақтамаларымен бөлісуге дайын.

Қоса айта кетейік, ресейліктер "Су ресурстары-Маркетинг" ЖШС-ң өз есебінен ашқан оқу орталығында қатты қызығушылық танытты. Мұнда мекеме қызметкерлері өздерінің теориялық және тәжірибелік дайындықтарын шыңдайды. Қажетті база дайын, қазірше орталықтың толық жұмыс істеуіне тек карантин кедергі туғызуда.

**"Су ресурстары-Маркетинг» ЖШС-ның баспасөз қызметі**


## Хабарландыру

«DUOS Битум Group» ЖШС-і мекенжайы: «Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Дарбаза ауылы 034, кв. 426 уч. Қосымша жабдықтың қондырғысы зауыттың модернизациясымен жұмыс жобасына қоршаған ортаға әсерін бағалау (ҚОӘБ) жөнінде қоғамдық тыңдаулар жүргізіледі.

- қоғамдық тыңдау өткізу күні, уақыты және орны – 29 мамыр күні сағат 16:00-де мекен жайы Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Дарбаза ауылының округінің әкімі аппараты ғимаратында орналасқан;
- жергілікті атқарушы органның атауы және қоғамдық тыңдауды ұйымдастыруға жауапты тұлғаның байланыс деректерін - «Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, А.Джумабекова;
- ұсыныстар мен ескертулер қабылданатын жергілікті атқарушы органның электрондық поштасының мекенжайы a.erkebai@ontustik.gov.kz, Тел: 6-37-68
- жоба бойынша құжаттама орналастырылған жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсының мекенжайы http:// turkistan.gov.kz/
- жұртшылық өкілдерінің жоба материалдарымен қағаз түрінде танысуға мүмкін болатын орнының мекенжайын Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Дарбаза ауылы, 034 кв. 426 учаскесі duosbitumgroup@gmail.com тел. 8-778-541-67-06
- мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу жөніндегі мемлекеттік органның атауы – Құрылыс жобаларына ведомствадан тыс кешенді сараптама жүргізу;
- тапсырыс берушінің атауын және байланыс деректері «DUOS Битум Group» ЖШС;
- тапсырыс алушы ұсыныстар мен ескертулер қабылданатын интернет-ресурсының немесе электрондық поштасының мекенжайын

«К-Бастау-К» ЖШС, тел.: 8 (7252) 432-436

## Объявление

ТОО «DUOS Битум Group» проводит общественные слушания по оценке воздействия на окружающую среду (ОВОС) на проект ««Установка дополнительного оборудования с модернизацией завода ТОО «DUOS Битум Group» по адресу Сарыагашский район, Туркестанской области, с/о Дарбаза, 034 кв. уч. 426».

Слушания состоятся 29 мая 2020 года в 16:00 по адресу: Сарыагашский район, с/о Дарбаза в зданий акимата.

Местный исполнительный орган ответственный за организацию общественных слушаний и контактные данные лица - ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области», А.Джумабекова.

Адрес электронной почты местного исполнительного органа, где принимаются замечания и предложения a.erkebai@ontustik.gov.kz, Тел: 6-37-68

Документация по проекту размещена на сайте http://turkistan.gov.kz/

Адрес места, где представители общественности могут ознакомиться с материалами проектов в бумажном виде – г. Сарыагаш, Сарыагашский район, с/о Дарбаза, 034 кв. уч. 426.

Наименование государственного органа по проведению государственной экологической экспертизы – Комплексная вневедомственная экспертиза проектов

Заказчик - ТОО «DUOS Битум Group».

Адрес интернет-ресурса или электронной почты заказчика, где принимаются замечания и предложения Сарыагашский район с/о Дарбаза, 034 кв. уч. 426 duosbitumgroup@gmail.com тел. 8-778-541-67-06

Наименование и контактные данные разработчика документации:

ТОО «К-Бастау-К», тел. 8 (7252) 432-436


# ДЕНСАУЛЫҚ – БАСТЫ НАЗАРДА

Әлемді шарпыған COVID-19 індетінің Қазақстанда кең жайылып кетпеуі үшін күрделі де, аса қажет шешім қабылдай алған Президентіміздің арқасында індет жаппай таралған жоқ. Оны Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мен халықаралық сарапшылар да Қазақстанның іс-қимылын оң бағалап отырғанын жеткізген Қ.Тоқаев әлде де карантин режимін созу керектігін баса айтып өткен. Сондықтан қауіпті вирус салдарынан елімізде мамырдың 11-не дейін Мемлекет басшысының тапсырмасымен карантин уақыты созылды. Жазушы, батыр Бауыржан Момышұлының «Тәртіпке бас исең, ел құл болмайсың» демекші, барлығымыз тәртіпті сақтансақ бұл нәубеттен де аман-есен шығармыз. Біздің мекемеде де карантин тәртібі қатаң сақталуда. Мекеме қызметкерлері мен жазасын өтеушілер антисептиктермен қамтамасыз етіліп, бетперде режимі қатаң сақталуда. Себебі, азаматтардың денсаулығы басты назарда.

Қай дерт болмасын барлық азаматтар асқан жауапкершілікпен қарап, уақтылы талаптар орындалып, қатаң тәртіптер сақталса кез-келген ауруды оңай жеңіп шығатынымыз ақиқат.

**Гюзаль РОЗМЕТОВА,**
*ИЧ-167/11 мекемесінің медицина бөлімінің медбикесі, әділет старшинасы*


## Открылось наследство

*** Умерла Лисинская Нина Семеновна. Дата смерти 24.10.2019 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Досимбеков С.А. г. Шымкент, ул. Бейбитшилик 24 А. Тел.: 8 /7252/354-385, моб.: 8 701-270-72-55

*** Умерла Кушенова Роза Танатаровна. Дата смерти 09.04.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Сулеймен С.У. г. Шымкент, мкр. Отырар 59-26. Тел.: 8 /7252/52-24-21, моб.: 8 778-402-83-83

*** Умер Турдыхулов Торекул. Дата смерти 19.04.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Мадыбекова Н.М. г. Шымкент, ул. Б.Момышулы 31 Б. Тел.: 8 701-736-22-75

*** Умер Ямушев Николай Васильевич. Дата смерти 07.12.2019 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Турапбаева Б.У. г. Шымкент, мкр. Восток 46. Тел.: 8 /7252/20-01-51, моб.: 8 775-833-03-04

*** Умерла Беспалько Ирина Юрьевна. Дата смерти 16.12.2019 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Абишева У.А. г. Шымкент, ул. Уалиханова 21, офис 41. Тел.: 8 777-887-47-77

*** Умерла Иванова Емилия Васильевна. Дата смерти 07.05.2007 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Есенбаева Г.Р. г. Шымкент, ул. Туркестанская 2/3, ост. Сейфуллина. Тел.: 8 701-780-63-44

*** Умер Иванов Леонид Васильевич. Дата смерти 01.01.2019 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Есенбаева Г.Р. г. Шымкент, ул. Туркестанская 2/3, ост. Сейфуллина. Тел.: 8 701-780-63-44